

АҚТӨБЕ ӨңІРІНДЕГІ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ОРНАУЫ: ШАРАЛАРЫ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Н.Е. ДОСОВ^{*} , А.М. ЕСПЕНБЕТОВА 

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*E-mail: dossov.nurbek@mail.ru

Андатпа. Ұсынылып отырған мақала Ақтөбе өңіріндегі большевиктік режимнің жеңісі және оның жүргізген саясатына арналған. Ресейдегі қазан төңкерісінің жеңісі Қазақстанда да, Кеңес өкіметінің орнауын жеңілдетті. Бұл ретте Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы әлеуметтік-экономикалық артта қалу, қазақ ауылында патриархаттық қатынастардың үстемдігі, большевиктік ұйымдардың аздығы мен әлсіздігі, ұлтаралық қатынастардың күрделілігі сияқты бірқатар қосымша қиындықтармен байланысты болды. Мақалада автор, мәселе төңірегіндегі зерттеулер мен деректерге шолу жасай отырып, XX ғасырдың басында Ресейде пайда болған большевиктік диктатураның жүргізген әрекеттері, сондай-ақ Қазақстандағы оның ішінде Ақтөбе аумағында Кеңес үкіметінің орнауының ерекшеліктерін қарастырады. 1917 жылғы Қос төңкерістің нәтижелері және өлкенің ішкі, саяси-экономикалық өмірінде орын алған өзгерістер облыстық архивтік құжаттар негізінде талданады. Мақалада Кеңес үкіметінің орнауы және оны жүзеге асырудағы саяси, әлеуметтік қиыншылықтар мен кедергілерде назардан тыс қалмады. Сонымен қатар, большевиктік диктатураның үстемдігі кезіндегі өлкенің азамат соғысына тартылуын бейнелеуде архивтік деректер сарапталады. Қос төңкеріс аралығындағы елдің саяси дамуын сипаттауда алаш қайраткерлерінің қызметіне назар аударылған.

Түйін сөздер: Кеңес үкіметі, Алашорда, революция, большевиктер, диктатура

Қазіргі таңда Отандық тарихнаманың дамуында өлке тарихының мәселелері маңызды рөлге ие. Осындай маңызды мәселелер қатарында XX ғ. басындағы тарихи оқиғаларды жатқызуға болады. Әсіресе Кеңес өкіметінің орнауы және оның ерекшеліктерін мәселесіәліде зерттеуді қажет етеді. Көрсетілген тақырып аясында Ақтөбе облыстық архиві құжаттары ғылыми айналымға енді. Өлкенің геосаяси жағдайы сол кезеңдегі тарихи оқиғалардан тыс қалдырмады. Сондай-ақ аталған кезеңдегі оқиғалардың басында жүрген Алашордашылардың да әрекеті баяндалады. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезінен өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық қозғалыс өз алдына буржуазиялық-демократиялық мәні бар жалпы ұлттық мақсат-міндеттерді, ұлттық тең құқылық, халықтың мәдениет көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, әйел теңдігін қамтамасыз ету, көшпенділерді отырықшыландыру сияқты міндеттер қойды. Бір сөзбен айтқанда бұл істің басы-қасында болған жаңадан қалыптаса бастаған қазақтың ат төбеліндей аз ғана тұңғыш интеллигенттері жалпы ұлттық сұраныстарға жауап беруге және туындаған кез келген мәселелерді шешуге тырысты. Материал және зерттеу әдістемесі

Ақтөбе өңіріндегі большевиктік режим және оның саясатын талдауда тарих ғылымының тарихилық, объективтілік басшылыққа алынды. Ақтөбе қаласының жұмысшылар, шаруалар, солдаттар және мұсылман депутаттары Ақтөбе уездік кеңесінің атқару комитеті хаттамаларын талдай отырып, мәселеге қатысты тарихи деректер сараланды. Большевиктің қоғамдық қозғалыс ретінде пайда болуы әлемдік тарихта да, бұрынғы КСРО елдерінің саяси тарихында да маңызды рөл атқарғандығы және большевиктің саяси идеологиясы көптеген жылдар бойы 1917 жылы қазанда патша автократиясын құлату және

«пролетариат диктатурасын» орнату нәтижесінде бірқатар елдердің, соның ішінде Беларусьияның мемлекеттік идеологиясына айналуы сынды мәселелер тарихи салыстырмалы әдістер арқылы анықталды. Мақаланың өн бойында тарихи оқиғалар тарихи ретпен қарастырылған, яғни Кеңес үкіметінің орын алған кезеңі Ақпан революциясының жеңісі негізінде басталып, Республика аумағында Уақытша үкіметтің орын алуы, кең көлемде саяси бостандықтардың берілуі, қоғамдық өмірдің демократиялануы және азаматсоғысы негізінде біте

қайнасып жалғасты.

Нәтижелер және оны талқылау

Кеңестік тарихнамада буржуазиялық революциялар және Уақытша үкіметтің құрылуын жағымсыз жақтарын көрсетсе, қазіргі таңда Отандық тарихнамада бұл мәселе өзгеше көзқарастар тұрғысында баяндалады. Атап айтатын болсақ, академик М.Қ. Қозыбаев Ақпан буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңісін және Уақытша үкіметтің жүргізген әрекеттерін Қазақстан өңірі үшін жағымды нәтижелерге қол жеткізгендігін баяндайды[1].

Алашордашылармен А.Байтұрсынов пікірінше «Қазақстан жұрты Ақпан төңкерісін зор қуанышпен қарсы алса, Қазан төңкерісін үлкен үреймен қарсы алды» деген пікір қалдырды.

1960-1980 жылдардағы Орта Азия тарихшылары Қазақстандағы Кеңестік режимге өтуі мәселесінде елеулі табыстарға қол жеткізді. Бұл тұста С.Н. Покровский, Т.Е.Елеуов, В.К. Григорьев, К. Нұрпейсов, С.З. Зимановтардың еңбектерін атап айтсақ болады[2]. Біз бұл авторлардан Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнау процесі оң нәтижелерге жеткенін байқауымызға болады.

Кеңестік биліктің орнауы, қос революцияның орын алуы және Азамат соғысы тарихнамасының мәселелерін академик И.И. Минц «Ұлы қазан социалистік

революциясының тарихы» атты кешенді еңбегінде көрініс тапты. Бұл еңбек КСРО шеңберінде «марксизм-ленинизм» институты қызметкерлерінің бірігуі нәтижесінде жарыққа шықты[3].

Ақтөбе облысы тарихын зерттеуші тұлғалар арасында ерекше орын алатын М.Қ.Тәжібаев «Ақтөбе обылысының тарихы (1864-1991)» еңбегінде Кеңес үкіметінің өлкедегі әлеуметтік саясатының алғашқы қадамдары және қол жеткізген нәтижелері көрсетілген [4]. Өңірдің тарихына арналған, ұжымдық авторлар Султанғалиева Г.С. Ерофеева, И. В. Бисембаев, А. А. Медеубаев, Е. И. Кобенова «История Актюбинской области» еңбегін атауға болады [5]. Ғылыми басылымда Қазақстанның, Өзбекстанның, Ресейдің орталық мұрағат қоймаларының қорларынан алынған дереккөздердің кең ауқымы, сондай-ақ ғылыми айналымға алғаш тартылған археологиялық экспедициялардың материалдары негізінде Ақтөбе облысының ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихын ашып көрсетеді.

1917 жылдың көктем-күз кезеңі Ресей империясының ыдырауымен Ақтөбе, Торғай өңірлеріндегі саяси жағдайлары шиеленіске түсе бастады. Сол жылдың басында Ресейде бүкіл қоғамның біртұтас оппозициялық-революциялық майданы қалыптасты. Ақпан төңкерісінің жеңісі елдегі әлеуметтік-саяси жағдайға түбегейлі өзгерістер енгізді. Патша үкіметінің құлауы және Уақытша үкіметтің орнауы жаңа оқиға ретінде қабылдады. 1917 жылғы 24 ақпандағы «Қазақ» газетінде А. Бөкейхановтың қолы қойылған Минскіден жеделхат жарияланды, онда: «Ресейдің барлық халықтарының бостандығы, теңдігі, бауырластығы күні көтерілді. Қырғыздар Үкіметтің жаңа жүйесін қолдау үшін ұйымдасуы керек». Бұл жерде қазақ қоғамында болып жатқан саяси жағдай үшін 1916 жылғы халық көтерілісі оқиғалары принципті рөл атқарғанын атап өткен жөн, оның тікелей себебі патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы Жарлығы болды. Қазақстан мен Орталық Азияның байырғы тұрғындарын тыл жұмыстарына шақыру туралы қазақ қоғамының саяси және адамгершілік негіздерін елеулі сынау болды[6, 96.].

1917 жылғы 12 наурыздағы «Орынбор жер ісі» газеті Ақтөбеде сол жақтанда халық билігі комитеті ұйымдастырылғанын хабарлады. 1917 жылы наурызда Ақтөбеде және өлкенің басқа уездік қалаларында жұмысшылар мен солдат депутаттарының Кеңестері құрылды. 1917 жылдың күзіне дейін Ақтөбе кеңесінің құрамында Социалистік революционерлер мен меньшевиктер басым болды, олардың бағдарламасы көпшілікке ұнады. 1917 жылғы маусымда Ақтөбе жұмысшылар мен солдат депутаттары кеңесінің құрамы өткізілген сайлау нәтижесінде түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Шілде айында

Ақтөбе уездік шаруа және қазақ депутаттар Кеңесі сайланды, содан кейін оның

жұмысшылар және солдат депутаттар кеңесімен бірігуі болды. Бұл кеңестің құрамында В.Ф. Зинченконың басшылығымен большевиктердің шағын тобы құрылды. Алайда, 1917 жылдың күзінің соңына дейін большевиктер бұқараға әсер ете қойған жоқ. Сонымен қатар, Петроградтағы шілде оқиғаларынан кейін Ақтөбе большевиктерінің қызметіне іс жүзінде тыйым салынды. 1917 жылы 3-4 шілдеде бүкіл Петроград толқуларға толы болды, қала көшелеріне бес жүз мың адам шықты. Петроградтағы тәртіпсіздіктерді басу нәтижесінде 700-ден астам адам қаза тауып, жараланды. Билік бұл толқуларды тудырушы идеологы ретінде Ленинді айыптады. Жалпы, шеткі аймақтарда революциялық Петроградтағы қарулы көтерілісті Ресейдің шеткі аймақтары тарапынан қолдау таппады. В.Ф. Зинченко бұйрығы бойынша большевиктерді «бірнеше рет ұрып-соғып, мінбеден сүйреп, аяғымен таптап, таяқпен ұрған». Сондай-ақ 1917 жылғы 18 шілдедегі Ақтөбе жұмысшы депутаттар Кеңесі отырысының қарарында: «Ақтөбе кеңесі жасаған қателіктері туралы мәлімдеді, таптық келіспеушіліктер туралы ұмытуға, большевиктерді насихаттауға тыйым салуға, большевиктердің саяси ұйымдарға қатысуына жол бермеуге шақырады», – делінген [7]. Осындай хабарламалардың негізінде сол кезеңдегі Ақтөбеде большевиктерді қудалау әрекетінің басталғанын және оларға саяси жағдайда қысым көрсеткенін байқауымызға болады.

Бұл кезеңде Қазақстанның әрбір аймақтарында социалистік партиялар өз қызметін жандандыру үстінде болды. 1917 жылғы 5 қыркүйектегі Ақтөбе жұмысшылар және солдат депутаттары кеңесінің отырысында Орынбордағы Торғай облыстық социал-демократтар арасынан делегаттар таңдалды. 1917 жылғы 22 қыркүйекте Ақтөбе жұмысшылар және солдаттар депутаттары кеңесінің отырысында Кеңестің жаңа төрағасын таңдау туралы мәселе қойылды. Сонымен бірге Ақтөбенің бұрынғы қалалық басшысы Гамбашидзениң іс- әрекетін тергеу басталады. 1917 жылы 26 қыркүйекте Ақтөбе кеңесінің төрағасы болып Никонов сайланды. Қалалық Милиция Комиссары – Демин, Ақтөбе әскери комиссары – Фатеев, Ақтөбе уезінің уақытша комиссары – Лобов, Ақтөбе аймақ басшысы – Михайлов, Коваль – Қызыл Армия комиссары болып тағайындалады. Ақтөбе Кеңесі отырысының 1918 жылғы 8 қаңтардағы хаттамасында түпкілікті сайлау жұмысшылар, сарбаздар, шаруалар, қырғыз депутаттары Кеңесінің жалпы жиналысына ұсынылатыны атап өтілді[7]. Осындай жәйттардың барлығы сол кезеңдегі қоғамдық саяси жағдайларға байланысты екеніне ескергеніміз жөн. Патшалық биліктің жойылуы негізінде большевиктер тарих сахнасына ене білді және өздерін бұрын-соңды болмаған саяси ұйым ретінде танытып, «дұрыс жерде және дұрыс уақытта келдік», – деп атап көрсетілді. Бұл оқиғалардың бәрі большевиктердің танымалдылығының бұрын-соңды болмаған өсуіне әкелді.

1917 жылғы қарашадан 1918 жылғы сәуірге дейін Қазақстан мен Түркістанның бүкіл аумағында Кеңес өкіметі орнады. «Кеңес өкіметі Қазақстан мен Орталық Азияға теміржол арқылы келді», – деген тұжырым кездейсоқ емес. Өйткені сол кезеңдегі Қазақстан қалаларының барлығы дерлік теміржол магистральдарында орналасуына байланысты болды. Қалаларда буржуазиялық мемлекеттік қызметкерлер, зиялы қауым, жеке кәсіпкерлер болды. Өңірдегі революциялық оқиғалардың алдыңғы қатарында Орынбор-Ақтөбе және Орынбор- Ташкент темір жолының басқа станцияларының теміржолшылары болды, олар қазан айындағы идеялар мен ұрандардың ең қызу жақтаушылары болды. Ақтөбедегі теміржолшылар қаладағы ең білімді және ықпалды әлеуметтік топтарының бірі болды. Большевиктер Ақтөбе, Бірғыз және Темір уездерінің аудандары мен ауылдарында кеңестер құру және нығайту жұмыстарын өрістетті. Қарулы Қызыл Армия отрядтары құрылды. Сонымен, 1917 жылдың қараша айында темірдегі билікті большевик М.Т. Ряхов бастаған жұмысшылар мен солдат депутаттары Кеңесі өз қолына алды. Ең алдымен Кеңес қалалық басқарманың жұмысын бақылауға алды және бұрынғы ескі билік органы және оны барлық мәселелерді шешуден шеттетіп, осылайша қаладағы толыққанды қожайынға айнала бастады. 1918 жылы 26 ақпанда жаттықтырушылар кеңесінің отырысында уездегі барлық билікті

жұмысшылар, шаруалар және қазақ депутаттарының кеңестеріне беру туралы шешім қабылданды. Келесі күні М.Т. Ряхов кеңестің бұл шешімін «Жер туралы» жиналысының отырысында жариялады. 1917 жылы 12 желтоқсанда Шалқарда Кеңес өкіметі танылды. Шалқар кеңесінің алғашқы төрағасы кейіннен белгілі кеңестік геолог ғалым, академик– Дмитрий Васильевич болды. Біздің өлкеміздің қазан айынан кейінгі тарихының бірінші кезеңінің басты нәтижесі кеңес мемлекеттілігін құру және большевиктердің биліктің негізгі тетіктерін игеруі болды. Бұл билік әлсіз болды және Ақтөбелік большевиктер оны солшыл социалистік революционерлермен, салыстырмалы түрде тәуелсіз кеңестермен және Алашорданың қазақ комитеттерімен бөлісуге мәжбүр болды[8].

Осы кезеңде қазақ халқының саяси белсенділігінің өсуі байқалды. Бұл қозғалыстың басында Алаш басшылары тұрды. Алаш қозғалысының жалпыұлттық құбылыс ретіндегі тарихы қазіргі заманғы отандық тарихнамада кеңінен жарияланды. Сонымен қатар, Алаш қозғалысының тарихы және біздің өңірдегі оның қайраткерлерінің саяси өмірбаяны әлі де зерттеуді қажет ететіндігін атап өткіміз келеді[8, 76.]. 1917 жылы Орынборда 300-ден астам делегат жиналды. А. Байтұрсынов жаңа билікті қолдап, Бірінші дүниежүзілік соғысты жеңіс соңына дейін жалғастырып, жергілікті басқарудың ескірген жүйесін жойып, земствоны енгізуді жақтады. Ана тілінде жалпыға бірдей міндетті тегін оқыту, халықтың діни қажеттіліктерін қанағаттандыру және жер мәселесі шешімдері де ерекше орын алды. Қазақтардың жерлерін қайтару ұсынылды. Осы және басқа да мәселелер 1917 жылы 21-28 шілдеде Орынбор қаласында өткен I Жалпықазақ сиезінде қаралды. Торғай облысынан төмендегі тұлғалар қатысты: Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ахмет Бірімжанов, Есенғали Тұрмұхамедов, Елжан Оразов, Тель Жаманмұрынов, Сейтқазы Қадырбаев. 1917 жылдың соңында өткен Дала өлкесі мен Түркістандағы Құрылтай жиналысына сайлауда Алаш партиясын құру туралы мәселені жергілікті халықтың басым көпшілігі қолдап, 75% дауыс жинады[9, 276.].

Орыс революциясының қарама-қарсы лагерлеріне жататын қазақ саяси қайраткерлері халық алдында қарсыластарының беделін түсіруге тырысты. Соның дәлелі, 1917 жылдың 18 шілдесінде Ақтөбе жұмысшылар мен солдат депутаттарының Кеңесі Торғай облыстық Уақытша үкімет комиссары Бөкейхановтан «Ә. Жангелдинге ренегат және алаяқ ретінде оны мандаттарынан айыру керек» – деген хат алады. Өз кезегінде Ә. Жангелдин Орынбордағы қызыл гвардияшылар басып алғаннан кейін, 1918 жылы 25 қаңтарда Торғай халық комиссары ретінде жіберілді. Ақтөбеге «Халық Комиссарлары Кеңесінің атымен Орынбордан Бөкейханов, Байтұрсынов, Омаров пайда болған жағдайда қамауға алынсын», – деген мазмұндағы жеделхат жарияланды[7, 73 б.]. Сонымен қатар, Ташкент темір жолы желісінің барлық аудандары Большевик Кеңес үкіметінің өкілі П.А. Кобозевті жол бастығы және үкіметтік төтенше комиссар деп танығандары туралы хабарлады. Орынбор губерниясы мен Торғай облысына қоршау жағдайы енгізілгені және бүлікшілерді заңсыз деп жариялағаны туралы телеграф арқылы хабарланды. Бұл жағдайда контрреволюциялық күштер Самара мен Иваново қызыл гвардияшыларымен бірге аймаққа эшелондардың келуінен қорқып, Самара мен Орынбор провинцияларының шекарасындағы теміржол учаскесін жарып жіберді.

1918 жылғы 18 маусым Ақтөбе уездік атқару комитеті Дутовтың қаланы тапсыру туралы шешіміне жауап ретінде қаруды тастауды және Кеңес өкіметіне қарсы күресті тоқтатуды талап ететін жеделхат жіберді. Ал 1918 жылы 23 маусымда Ақтөбеден Орскуездік атқару комитетіне шұғыл түрде атаман Дутовпен даңққа бөленген 5 пулемет және 600 жауынгерден тұратын қазақ әскері Шалқардан шығып, Орынборға қарай бағыт алғандығы туралы телеграф жіберілді [7, 33 б.]. Бұл деректер, Ақтөбе өлкесінің маңызды аймақ болғанын көрсетеді.

Жаңа контрреволюциялық қозғалыстың қалың тобына түскен қызыл отрядтар Торғай облысынан кетуге мәжбүр болды. Блюхер отрядтары Оңтүстік Оралға, ал түрік отрядтар Ақтөбе арқылы Түркістанға оралды. Осылайша, Ақтөбе ұзақ уақыт бойы контрреволюция күштерімен

қоршалған қызылдардың кішкентай аралы болып қала берді.

1918 жылы 3 шілдеде Дутов Орынборды қайта қабылдап, өз күштерін қажетті қайта топтастырғаннан кейін Ақтөбеге көшті. Ақ гвардия қолбасшылығы Орынбор-Ташкент магистраліндегі ірі теміржол тораптарының бірі – Ақтөбені басып алу жолымен Орталық Ресейден азық-түлік, шикізат және отын аудандарын кесіп тастауға, сондай-ақ, Дутовтың контрреволюциялық отрядтарының басталуына байланысты Мәскеу мен Петроград одан әрі шабуыл жасау үшін тірек базасын құруға ұмтылды. «Актюбинский Вестник» газетінің 1918 жылғы 23 маусымдағы алғашқы нөмірлерінің бірінде – «Жолдас, Шаруалар мен жұмысшылар! Дереву Ақтөбеге контрреволюционерлерге қарсы күресу үшін қолыңа қару алып, күрсеке шығу үшін жиналды. Уездің ауылдарында қарусыз жұмысшылар бостандығы мен мүлкін тонаудан қорғауға дәрменсіз, бірақ кеңестік халық билігінің туы астында бостандық пен революцияның жауларымен оңай күресесіз. Батыл алға, шаруа мен жұмысшыжолдастар! Халық бостандығы мен Кеңес өкіметі халықтарын қорғаңыздар!» – деген үндеухаттар жіберіле бастады. Сол күні 23 маусымда Ақтөбе қоршау жағдайында екендігі жарияланды. Атқару комитетінің өкімімен: Ақтөбе Кеңесі қалада кешкі сағат 11-ден бастап коменданттық сағат жарияланды, барлық ойын-сауық және басқа да қоғамдық іс-шаралар кешкі сағат 10.30 дан кешіктірілмей аяқталуы тиіс еді. 31-і қаланың өзінде большевиктің жақтастары жасырын әрекет етті. Мәселен, Ақтөбе майданының штаб-пәтерінде түнде аңшы мылтықтарынан белгісіз жарқыраған зымырандар қоршаудағы қаланы атқылау үшін Дутов казактарына сигнал беретіні байқалды. Осыған байланысты Ақтөбе уездік атқару комитеті аңшылық мылтықтары бар барлық адамдарға дереву қаланың әскери комиссарына тапсыру туралы бұйрық шығарды [7, 13 б.].

1919 жылы 5 қаңтарда Ақтөбеде төтенше жағдай орын алды. Өлкенің ішкі, саяси және экономикалық өмірі саласындағы барлық мекемелерді басқаратын өкілетті ұйым қажет болды. Төтенше жағдай осындай органды құрды, оған биліктің барлық толқынын берген Ақтөбе жоғары әскери - саяси кеңесі деген атау берді. Кеңес құрамына Торғай облыстық атқару комитетінің өкілдері – Шаповалов, Орск атқару комитетінің өкілдері –Селиванов, Степанов және Ковалев, 4 дивизия штабынан – Малишевский және Зинцов, Большевик- коммунистер партиясынан – Чапля кірді. Кеңес төрағасына қызметіне Шаповалов, хатшылыққа Чапля сайланды. Жоғары әскери-саяси кеңестің қаулысы бойынша қалада пайдаланған барлық күштер жауынгерлік әзірлікке келтірілді. Ақтөбеде әскери бөлімдерге көмек ретінде коммунистер бастаған қарулы жауынгерлік жасақ ұйымдастырылды. Оның құрамынатеміржолшылар мен қаланың басқа да жұмысшылары мен кеңестік мекемелерінің қызметкерлері кірді. Ақтөбені қорғауға дайындау туралы өз агенттігі арқылы хабардар болған ақ-казактар сол кезде қалаға шабуыл жасаудан бас тартты. Сонымен қатар, 1919 жылы 29 қаңтарда Симбирск дивизиясының 24-армиясының бірлескен соққысы немесе оны Темір деп те атайды, Шығыс майданының бірнеше армиясы мен Түркістан әскерлері Орынборды қызылдар басып алды. Бұл оқиға большевиктердің аймақтағы жалпы жетістігінде үлкен әскери-саяси маңызға ие болды. Ол Түркістанға шаруашылық және әскери көмекті ұлғайтуға, тәжірибелі партия және кеңес қызметкерлерін жіберуге, өнеркәсіптік тауарларды, отынды, азық-түлікті, қару-жарақ пен оқ-дәрілерді тасымалдауға мүмкіндік берді. Орынбордан айырылғаннан кейін Дутов Ақтөбені екінші рет алып, Түркістанның орталықпен тікелей байланысын үзуге тырысады. Дутовтардың алдағы шабуылы туралыбілген Ақтөбе қаласының жоғары әскери-саяси кеңесі қала азаматтарын жұмылдыру туралы қаулы қабылдағанын айтуымызға болады [10, 86.].

Тұжырым

Сонымен, Қазақстандағы оның ішінде Ақтөбе аумағында Кеңес үкіметінің орнау үрдісі Азамат соғысымен біте қайнасып жалғасты. Азамат соғысы барысында жергілікті халықтың еркімен құрылған, халықтың мүддесін көздеген «Алашорда» өкіметі талқандалып, Кеңес үкіметі орнады. Кеңестік билік орнағаннан кейін де ұлт мәселесі дұрыс шешімін таба алмады. Сол

кезеңдегі қаулы, қарарлар және ұлттық бағыттағы үндеулер шығып жатқанымен бұрмалаушылықтар көп болды. Кеңестік билік Ақтөбе жерінде 70 жылдан астам уақыт дәуірледі. Кеңес үкіметінің халқы үшін жақсылығы мен озбырлығы қатар жүрген себепті, басымыздан өткізген бұл кезең туралы санамызда сантүрлі пікірлер қалыптасты.

Әдебиеттер тізімі

1. Козыбаев И.М. Историография Казахстана: уроки истории. - Алма-Ата: Рауан, 1990.– 136 с.
2. Установление Советской власти в областях Казахстана (1917-1918): Сборник статей / Акад. наук Казах. ССР. Институт истории, археологии и этнографии; [Ред. коллегия: Т. Е. Елеуов, С. Н. Покровский (отв. ред.) И. В. Русаков]. - Алма-Ата: Казгосиздат, 1957. – 238 с.
3. Минц И.И. История Великого Октября: Коллектив авторов (Наумов В.П., Поспелов П.Н., Трукан Г.А., Молоцыгин М.А., Федосеев П.Н., Поляков Ю.А., Инояттов Х.Ш., Сумбатзаде А.С. и др.). Т.1. М. -1967.– 930 с.
4. Тәжібаев М.Қ. Ақтөбе облысының тарихы (1864-1991). Ақтөбе, 1999.–80 б.
5. Султанғалиева Г.С., Ерофеева И.В., Бисембаев А.А. и др. История Актыубинской области. – Ақтөбе, 2006. – 698 с.
6. Хрестоматия по новейшей истории Казахстана 1917-1939 гг. / Под ред. К.Каражанова. - Алматы: Санат, 2002. – 408 с.
7. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві, 1-қор,1-тізбе, 2-іс.
8. Қойгелдиев М.К. Алаш қозғалысы I том.Алматы, «Санат», 1995. – 368 б.
9. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия., 1994. – 216 с.
10. Әбжанов Х., Алаш қозғалысындағы ұлттық идея эволюциясы, «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Семей, 2008. – Б.9.

References

1. Kozybayev I.M. (1990). Istoriografiya Kazakhstana: uroki istorii. [Historiography of Kazakhstan: history lessons]. - Alma-Ata: Ravan, – 136 s. [In Russian].
2. Ustanovleniye Sovetskoy vlasti v oblastiakh Kazakhstana (1917-1918): Sbornik statey / Akad. Nauk Kazakhskiy. SSR. Institut istorii, arkheologii i etnografii; [Red. Kollegiya: T. E. Yeleuov, S. N. Pokrovskiy (Otv. red.) I. V. Rusakov]. [Establishment of Soviet power in the regions of Kazakhstan (1917-1918): Collection of articles]. - Alma-Ata: Kazgosizdat, 1957 – 238 s. [In Russian].
3. Mints I. I. (1967). Istoriya Velikogo Oktyabrya: Tom 1. [The Story of the Great October]. Kollektiv avtorov (Naumov V.P., Pospelov P.N., Trukan G.A., Molotsigin M.A., Fedoseyev P.N., Polyakov YU.A., Inoyatov KH.SH., Sumbatzade A.S. i drugiye). - Moskva. – 930 s. [In Russian].
4. Täjibaev M.Q. (1999). Aqtöbe oblysinıñ tarixı (1864-1991). [History of Aktobe region (1864-1991)]. - Aqtöbe. – 80 b. [In Kazakh].
5. Swltangalïeva G.S., Erofeeva İ.V., Bïsembaev A.A. (2006). İstorïya Aktyubïnskoï oblasti. [The history of Aktobe region]. - Aktobe, 2006. – 698 s. [In Russian].
6. Xrestomatïya po noveyşey istorïi Kazaxstana 1917-1939 gg. [A textbook on the modern history of Kazakhstan 1917-1939.] - / Pod red. K.Karajanova. - Almatı : Sanat, 2002. – 408 s. [In Russian].
7. Aqtöbe oblistıq memlekettik arxivi [Aktobe Regional State Archive]. - 1-qor,1-tizbe,2- is.[In Kazakh].
8. Qoygeldïev M.K. (1995). Alaş qozğalıı I tom. [Alash movement volume I]. - Almatı. –368 b. [In Kazakh].
9. Amanjolova D.A. (1994). Kazaxskïy avtonomizm i Rossiya. [Kazakh Autonomism and Russia]. –216 b. [In Russian].

10. Äbjanov X. (2008). Alaş qozğalıındaǵı ulttıq iǵdeya évolıucıyası, «Alaş qozğalıı iǵdeyasınıń Ewrazıya keńıstıgındeǵı ıqpalı: tarıx jáne qazırǵı kezeń» xalıqaralıq ǵılımı- praktikalıq konferencıya materıaldarı, [The evolution of the National idea in the Alash movement, materials of the international scientific and practical conference " the influence of the idea of the Alash movement in the Eurasian space: history and modern stage "]. – Semey, 2008. – 9 b. [In Kazakh].

УСТАНОВЛЕНИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В АКТЮБИНСКОМ РЕГИОНЕ: ПРИНЯТЫЕ МЕРЫ, ОСОБЕННОСТИ

Н. Е. ДОСОВ* , А. М. ЕСПЕНБЕТОВА 

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан

*E-mail: dossov.nurbek@mail.ru

Аннотация: Предлагаемая статья посвящена победе и проводимой политике большевистского режима в Актюбинском регионе. Победа Октябрьской революции в России способствовала установлению советской власти и в Казахстане. При этом установление советской власти в Казахстане было связано с рядом дополнительных трудностей, таких как социально-экономическая отсталость, господство патриархальных отношений в казахском селе, малочисленность и слабость большевистских организаций, сложность межнациональных отношений. В статье автор, проводя обзор исследований и данных по проблеме, рассматривает действия большевистской диктатуры, возникшей в России в начале XX века, а также особенности установления советской власти в Казахстане, в том числе на территории Актюбе. Результаты двойной революции 1917 года и произошедшие изменения во внутренней, политико-экономической жизни края анализируются на основе областных архивных документов. В статье не обошлось без внимания установление советской власти и политические, социальные трудности и препятствия в ее осуществлении. Кроме того, будут проанализированы архивные данные, отражающие вовлеченность края в гражданскую войну при господстве большевистской диктатуры. В описании политического развития страны в период двойной революции основное внимание уделялось деятельности деятелей Алаша.

Ключевые слова: Советская власть, Алашорда, революция, большевики, диктатура

THE ESTABLISHMENT OF SOVIET POWER IN THE AKTOBE REGION: MEASURES, FEATURES

N. E. DOSSOV* , A. M. YESPENBETOVA 

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

*E-mail: dossov.nurbek@mail.ru

Abstract: The proposed article is devoted to the victory and the policy of the Bolshevik regime in the Aktobe region. The victory of the October Revolution in Russia contributed to the establishment of Soviet power in Kazakhstan. At the same time, the establishment of Soviet power in Kazakhstan was associated with a number of additional difficulties, such as socio-economic backwardness, the dominance of patriarchal relations in the Kazakh village, the small number and weakness of Bolshevik organizations, and the complexity of interethnic relations. In the article, the author, conducting a review of research and data on the problem, examines the actions of the Bolshevik dictatorship that arose in Russia at the beginning of the twentieth century, as well as the peculiarities of the establishment of Soviet power in Kazakhstan, including on the territory of Aktobe. The results of the double revolution of 1917 and the changes in the internal, political and economic life of the region are analyzed on the basis of regional archival documents. The article did not ignore the establishment of Soviet power and the political, social difficulties and obstacles in its implementation. In addition, archival data reflecting the involvement of the region in the civil war under the rule of the Bolshevik dictatorship will be analyzed. In describing the political development of the country during the period of the double revolution, the main attention was paid to the activities of Alash figures.

Keywords: Soviet government, Alashorda, revolution, Bolsheviks, dictatorship